

## 2001 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. 2001 жылғы 11 маусым N 628

"Халықтың көші-қоны туралы" 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әрі өзінің тарихи отанына оралуға тілек білдірген оралмандар (репатрианттар) отбасыларының қоныс аударуын және жайласуын ұйымдастыру мақсатында Қаулы етемін:

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ұсынып отырған 2001 жылға арналған көшіп келу квотасы 600 отбасы мөлшерінде белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесіп, көшіп келу квотасына енгізілген оралмандарды (репатрианттарды) қабылдауды және қоныстанатын жерлерде жайластыруды қамтамасыз етсін, сондай-ақ өзінің тарихи отанына мемлекеттің қаржылай қолдауынсыз қайтып келе алмайтын ұлты қазақ адамдардың ұйымдасқан түрде оралуын жүзеге асырсын;

2) осы Жарлықты іске асыру жөніндегі өзге де шараларды қолдансын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 1                      ж ы л ғ ы                      1 1                      м а у с ы м д а ғ ы

№                      6 2 8                      Ж а р л ы ғ ы н а

қосымша

### 2001 жылға арналған көшіп келу квотасы

(отбасы)

Облыс, қала атаулары	! Иран	!Пәкістан	!Ауған.	!Қытай	!Моңғолия!	Түрік
	! Ислам	! Ислам	! стан	!Халық	!	! Рес.
	!Республи.	! Респуб.	!	!Респуб.!	!	! пуб.
	! ликасы	! ликасы	!	!ликасы	!	!ликасы
А қ м о л а	-	-	-	-	-	-
А қ т ө б е	-	-	-	-	-	-
А л м а т ы	-	-	-	1 5	-	1 0
А т ы р а у	-	-	-	-	-	-

Батыс Қазақстан	-	-	-	-	-	-
Жамбыл	-	10	10	-	-	-
Қарағанды	-	-	-	-	10	-
Қостанай	-	-	-	-	-	-
Қызылорда	-	-	-	-	-	-
Маңғыстау	15	-	-	-	-	-
Оңтүстік Қазақстан	-	10	10	-	-	10
Павлодар	-	-	-	-	-	-
Солтүстік Қазақстан	-	-	-	-	10	-
Шығыс Қазақстан	-	-	-	5	-	-
Алматы қаласы	-	-	-	15	-	-
Астана қаласы	-	-	-	5	-	-
Барлығы:	15	20	20	40	20	20

таблицаның жалғасы

Облыс, қала атаулары	! Ресей ! Федера. ! циясы ! ликасы	!Түркі. !менстан	!Өзбек! !стан	Барлығы!
Ақмола	-	-	20	20
Ақтөбе	-	10	100	110
Алматы	-	-	10	35
Атырау	-	-	10	10
Батыс Қазақстан	20	-	-	20
Жамбыл	-	-	5	25
Қарағанды	-	-	-	10
Қостанай	10	-	-	10
Қызылорда	-	-	10	10
Маңғыстау	1	20	20	56
Оңтүстік Қазақстан	-	-	150	180
Павлодар	10	-	-	10
Солтүстік Қазақстан	15	-	-	25
Шығыс Қазақстан	-	-	-	5
Алматы қаласы	5	2	14	36
Астана қаласы	10	-	23	38
Барлығы:	71	32	362	600

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК